



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрлігі



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігі



USAID
АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН

unicef

әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка

COVID-19 бойынша карантиндік және посткарантиндік кезеңдерде мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын қалпына келтіру

Ұсынымдар әкімшілікке, медицина қызметкерлеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына COVID-19 таралу қаупін азайту үшін карантиндік және пост-карантиндік кезеңдерде жұмысын қалпына келтіру үшін көмектесуге арналған.

Осы негізгі хабарламаларды бас санитарлық дәрігердің Қаулыларына және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық құжаттарға және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім және ғылым министрлігінің коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларына қосымша пайдалану ұсынылады.



www.coronavirus2020.kz



www.coronavirus2020.kz



www.unicef.org/kazakhstan



www.unicef.org/kazakhstan


Коронавирустық инфекция туралы (КВИ, COVID-19)

Біз короновирустық инфекция (КВИ/COVID -19) жайында не білеміз?

Бұл короновирустық инфекция отбасынан шыққан вирус тудыратын жаңа инфекция.

КВИ таралуы қалай жүреді?

Ауру вирус жұқтырған адамнан басқа адамға жөтелу, түшкіру немесе сөйлесу кезінде мұрыннан немесе ауыздан бөлінетін кішкентай тамшылар арқылы беріледі.




Бұл тамшылар заттар мен беттерге түсуі мүмкін, мысалы, үстелдер, есік тұтқалары және айналасындағы адамдар осы заттарды ұстап немесе беттерге қол тигізіп, содан кейін көзін, ауызын немесе мұрынын ұстаған кезде COVID-19 жұқтыруы мүмкін.

2 күннен 14 күнге дейін

Короновирусты жұқтырған сәттен бастап аурудың белгілері пайда болғанға дейінгі уақыттың ұзақтығы

КВИ қалай өтеді?



Кейбір адамдарда (шамамен 80%) КВИ белгілері жеңіл болуы немесе мүлдем болмауы мүмкін. Алайда, асимптоматикалық курспен немесе инкубация кезеңінде жұқтырған адамдар (симптомдар әлі пайда болмаған кезде) инфекция көзі болуы мүмкін және басқаларға қауіпті болуы мүмкін.

65 жас

Иммунитеті төмен, созылмалы аурулары бар және 65 жастан асқан адамдарда КВИ ауыр түрінің қаупі жоғары.

14%

COVID-19 жұқтырғандардың 14%-ы емханаға жатқызуды және оттегілік қолдауды талап етеді.

КВИ белгілері

Белгілер адам жасына байланысты әр түрлі болуы мүмкін

Ақыл- есінен шатасу

КВИ бар балалар мен қарт адамдарда қалтырау, бас ауруы, ұйқышылдық, бұлшықет ауруы, бас айналу, әлсіздік сияқты ерекше емес белгілер болуы мүмкін, жекелеген науқастарда дезориентация, ақыл- есінің шатасуы байқалды.

Даригерге хабарласыңыз

Дене қызуы



Ең жиі кездесетін белгілер – дене қызуының көтерілуі, жөтел, тыныс алудың қиындауы, тамақтың ауыруы (және/немесе қышу), мұрынның бітелуі

Жедел-жардем шақырыңыз



Үйде калыңыз

Иіс сезімінің жоғалуы

Жүрек айну, құсу, диарея және жұтудың қиындатылуы, әлсіздік, тершеңдік.

Аталған белгілердің кез-келгені пайда болған кезде үйде болу және дәрігерге жүгіну қажет!

Коронавирустан қорғау үшін барлық жерде қажетті сақтық шаралары қабылданады.

Карантиндік және посткарантиндік кезеңдерде мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс істеу тәртібі

COVID-19 жұқтырудың және COVID-19 вирусының мектепке дейінгі ұйымда және одан тыс жерлерде таралуының алдын алу үшін мектепке дейінгі ұйымдарда инфекцияның алдын алу шаралары және инфекциялық бақылау қажет.

Мектепке дейінгі ұйымды (МДҰ) ашу үшін мыналар ұсынылады:

Білім басқармасы, бөлімі басшысының қызметтің басталуы туралы бұйрық шығаруы



Күн тәртібін бекіту - карантин кезеңіне



Келу мәселесі бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын өткізу

(жұмыс режимі, денсаулық жағдайы туралы ақпарат, сәйкес киім, күн тәртібін сақтау және т.б., баланы алдын ала әкеліп отыру, себебі балаларды қабылдау белгілі бір уақытты алады)



Оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту



Балалар мен қызметкерлерді үй-жайдан тыс жерде, мектепке дейінгі ұйым аумағында таңертеңгі сүзгіге арналған аймақты анықтау және дайындау

(егер ауа-райы жағдайы қолайлы болса). Таңертеңгі сүзгі аймағында сүзгіден өткен кезде адамдар арасындағы қашықтықты сақтау үшін еденге/жерге кемінде 1 метр белгі қою



Коронавирустан қорғану шаралары, оның ішінде қашықтықты сақтау, қолды жуу, жетел және түшкіру этикеті туралы нұсқауларды, плакаттарды, парақшаларды көрнекті орындарға орналастыру




Персоналдың және келушілердің қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар құрылғыларды (санитайзерлерді)

объектіде қолжетімді жерлерде (кіру және шығу жолдарында және басқа да қажетті орындарда) орнату



Ойнауға, ұйықтауға, тамақ ішуге арналған үй-жайлардағы жиһаздардың орынын ауыстыра отырып, кемінде 1 метр физикалық қашықтықты сақтау үшін жағдайлар ұйымдастыру



Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне нұсқаулық:


күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим, маскаларды, қолғаптарды, дезинфекциялау құралдарын дұрыс пайдалану бойынша рәсімдер туралы

қол жуу ережелері, жетел және түшкіру кезіндегі мінез-құлық (жетел және түшкіру кезіндегі этикет)


физикалық қашықтық туралы нұсқаулық

КВИ белгілері мен көрсеткіштері туралы

Өз денсаулығы мен балалардың жағдайын бақылау міндеттемесі



Бетке арналған масканы балалар, әсіресе, ерте жастағы балалар пайдаланған кезде тұншығу қаупінің бар екенін есте сақтаған жөн.



Балалардың жасы мен мінез-құлықтық, эмоционалдық және танымдық өзгерістерін ескере отырып, әр балаға жеке көзқарас.

Қашықтықтан оқытуды және балалардың жасын ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу



Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс істеу алгоритмі және санитарлық режимі

Мектепке дейінгі ұйымдарға COVID-19 әкелудің алдын алу бойынша іс-шаралар:

Коронавирустық инфекцияның таралуы кезеңінде балалар болмаған жағдайда мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың орнын сақтай отырып, ата-аналардың (заңды өкілдердің) қалауы бойынша балалардың еркін келу режимін қамтамасыз ету

Жедел респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) және басқа да инфекциялық аурулар белгілері бар персонал мен балаларды жұмысқа жібермеу

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың күнделікті қатысуына мониторинг жүргізу; дене қызуы көтерілген және басқа да белгілер байқалған балалардың есебін жүргізіп отыру

Балаларды учаскелік педиатордың денсаулық жағдайы туралы (3 жұмыс күнінен артық болмаған жағдайда) анықтамаларымен қабылдау.



Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға мынадай санаттағы тұлғалардың еріп әкелуіне тыйым салу:

Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдардың үй-жайларына жіберуге тыйым салу

COVID-19 жағдайы расталған адамдармен байланыстылар;

жіті респираторлық аурулар белгілері бар адамдар;

шетелден немесе соңғы 14 күнде жағдайлар тіркелген өңірлерден келгендер;

жүктілер;

65 жастан асқан тұлғалар;



Мектепке дейінгі ұйымдарда COVID-19 таралуының алдын алу бойынша іс-шаралар:

Кезекші топтар ата-аналарының/заңды өкілдерінің өтініші бойынша санитариялық қызметтермен келісу бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде ұйымдастырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді байланыс құралдары арқылы қабылданады

Кезекші топтардың жұмыс істеуіне ұсыныстар:


Әр сабақтан кейін қол жуу және арнайы құралдарды пайдалану

Әр сабақтан кейін кабинеттерді желдету, кварцтау

Балалардың үстелдерін 1 метр қашықтықта қою

Топтардың толымдылығы – 15 балаға дейін

Ұйқы, демалыс, тамақтану және ұйымдастырылған оқу қызметінің режимі сақталады



Тәрбиеші балабақшаға келу мәселелері бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді

Кезекші топтарда сабақтар типтік оқу бағдарламаларына және оқу жоспарына сәйкес өткізіледі

Мектепке дейінгі ұйымдарда тыйым салынады:

ЖРВИ және басқа да инфекциялық аурулардың (қызыба, жөтел, жүрек айну, құсу, диарея және т.б.) белгілері болған кезде балаларды қабылдауға және персоналды жұмысқа жіберуге;

Мектепке дейінгі ұйымдардың ғимаратында және аумағында бұқаралық іс-шаралар ((конференциялар, семинарлар, көрмелер және т. б. өткізу) өткізуге;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің халықаралық спорттық, мәдени, туристік іс-шараларға баруына;

Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйым үй-жайларына кіргізуге.

Мектепке дейінгі ұйым басшылары қамтамасыз етуге тиіс:

Балабақша қызметкерлерімен күн сайын эпидемияға қарсы режимді сақтау және балабақшада эпидемияға қарсы режимді сақтау мониторингін жүргізуді. Нұсқама және мониторинг үшін жауапкершілік медицина қызметкеріне жүктелсін

Мектепке дейінгі ұйымда жуу, дезинфекциялау құралдары мен антисептиктердің азаймайтын қорының, электрондық термометрлердің, жеке қорғаныс құралдарының (медицина қызметкерлері мен ауырып қалған балалар мен қызметкерлерге арналған маскалар, медицина персоналына арналған қолғаптар) болуын

Вирустық инфекциялар кезінде қолдану нұсқаулығына сәйкес концентрацияларда дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, ас үй ыдыстарын, үй-жайларды, жабдықтар мен құралдардың күнделікті өңделу режимін

Дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, күннің соңында ыдыс-аяқтың жуылуын

Мектепке дейінгі ұйымдардың изоляторларында қызыл аймақты бөлуді

Термометрияны қауіпсіз жүргізуді

Мектепке дейінгі ұйымдарда, оның ішінде тамақтану, сабақтар өткізу, серуендеу және ұйқы кезінде жатын үй-жайларда кемінде 1 метр физикалық қашықтықты сақтау үшін жағдайларды

Рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, топтарда есік тұтқаларын, баспалдақ марштарының таяныштарын, терезе алды тақтайларын, горшоктарды, сантехникалық жабдықтардың күн сайын екі рет өңделуін (топтық үй-жайларда балалар болмаған кезде)

Қол жетімді жерлерде (соның ішінде ғимаратқа кіре берісте) қызметкерлер мен келушілердің қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар құрылғыларды (санитайзерлерді) орнатуды

Ішу режимінің сақталуын (бір рет қолданылатын стақандар)

Строгое соблюдение групповой изоляции

Қоқыстың уақытылы шығарылып отыруын

Ата-аналарға келесі қағидаларды сақтау қажет:

Баланың балабақшада болмау себебі туралы тәрбиешіге алдын ала хабарлау

Үйден балабақшаға ойыншықтар мен басқа заттарды әкелмеу

Күн сайын балаға бір күндік қосымша киім әкелу

Кез-келген аурудың белгілері бар баланы балабақшаға әкелмеу

Өңдеу үшін баланың шкафын бос қалдыру

Тәрбиешілерге:

Тамақ ішкенге дейін, көшеде серуендегеннен кейін, әжетхана бөлмесіне барғаннан кейін және басқа да ластану жағдайларында балалардың қолдарының мұқият жуылуын (қолды сұйық сабынмен жуу) қатаң бақылау қажет

Желдету режимін сақтау қажет: балалар топта болған әрбір сағаттан кейін кемінде 15 минут желдету, топта балалар болмаған кезде өтпелі желдету

Балалар болмаған кезде топтардың үй-жайларын кейіннен желдетумен залалсыздандыруды (кварцтауды) қамтамасыз ету қажет.

Балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін жүргізу кезінде басқа педагогтар мен тәрбиешінің көмекшісін тарту қажет

Дене шынықтыру сабақтарын және өзге де топтық сабақтарды далада өткізуге (жылы уақытта). Ойындарға арналған оқшауланған алаң болмаған жағдайда (тұрғын үй кешендерінің құрамында орналастыру)

Режимдік сәттерді өткізу, үй-жайда да, учаскеде де (күркеде) балалар іс-әрекетінің әртүрлі сәттерді өткізу, үй-жайда да, учаскеде де (күркеде)

Желдету балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асырылады.

Балалардың топта және учаскеде (күркеде) қауіпсіз болуы үшін оларды үнемі бақылау қажет

Мектепке дейінгі ұйымдардағы физикалық қашықтық

Балалар арасындағы қашықтықты сақтайтын және сонымен бірге әлеуметтік қарым-қатынасқа/қарым-қатынасқа ықпал ететін ойындар мен әрекеттерді жоспарлаңыз

Балаларға бір-бірімен ым-ишаратпен (қол сермеу, бас ию) немесе сөзбен сәлемдесуді және тығыз байланыстан – қол алысудан, құшақтасудан аулақ болуды үйретіңіз

Топтар және жекелеген балалар арасында ойыншықтармен алмаспаңыз

Маркерлермен, қағаздармен және қарындаштармен әр балаға жеке орын беріңіз

Таза ауадағы сабақтар және іс-шаралар



Ата-аналармен коммуникацияны қолдау

Тексеру парағын жасаңыз-балалардың және/немесе отбасы мүшелерінің медициналық диагноздары немесе проблемалары; COVID-19 туралы ой салатын

Барлық кіреберістерге/шығуларға ауру белгілері бар ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның аумағына кірмеуі туралы парақшаларды орналастыру

Мектепке дейінгі ұйым аумағына кіре берісте балаларды қабылдау ережелері туралы таныстыру;

Ата-аналармен әлеуметтік желілер, электрондық пошта немесе веб-сайт арқылы ақпарат алмасу

Ауру белгілері бар балалар үшін «нашар сезінсе, үйде қалсын»

Жақында болған ауру немесе белгілер

Карантиндік және посткарантиндік кезеңдерде мектепке дейінгі ұйымның медициналық қызметкерінің рөлі

Қажет:

- Ең қажетті функционалдық міндеттерді және лауазымдарды анықтау және тексеру, болмаған персоналды баламалы түрде алмастыру үшін жоспар әзірлеу
- Төтенше жағдайлар үшін схеманы және байланыс тізімдерін жаңарту (алдын ала тексеріңіз!)
- Ақпарат беру үшін схема әзірлеу – дене қызуы көтерілген балалар немесе персонал анықталған жағдайда

Іс-шаралар қарастыру:

- Балаларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және бақылау бойынша (топтарда қашықтықтан пирометрлердің болуы, қызметкерлер мен балалардың термометриясын ұйымдастыру, жазбалар жүргізу (қағаз тасығышта немесе электронды түрде); оқшаулағышты талаптарға сәйкес дайындау, персоналға арналған маскалар, қолғаптар қорының болуы);
- Серуен, ұйқы (керуеттерді орналастыру), ұйымдастырылған оқу процестерінің (дұрыс отырғызу, арақашықтық, ұзақтық) режимі мен шарттары бойынша
- Балаларды МДҰ қабылдау(оның ішінде толымдылық), олардың келу ұзақтығы (эпидемиологиялық жағдайға байланысты) бойынша
- Ағымдағы және күрделі тазалауды ұйымдастыру және жүргізу, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдану бойынша



- Ішу режимі бойынша

МДҰ персоналымен келесілерді сақтау жөніндегі нұсқаулықтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша:


- / Дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ағымдағы және күрделі жинау жиілігін жүргізу және сақтау, дезинфекциялау құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы және оларды сақтау;
- / Балаларды қабылдау, топта болу, балаларды серуендеу кезіндегі топтық оқшаулау (келісім және кесте бойынша)
- / Топтардағы ойыншықтарды өңдеу жиілігі және үйден ойыншықтарды әкелуге тыйым салу
- / Тамақтандыру кезіндегі алдын алу шаралары (ас блогынан тамақ өнімдерін жеткізу, лас ыдыстарды жинау, топтарда асхана ыдыстарын жуу, қоқыс шығару кестесі және т.б.)
- / Оқу процестерін үй-жайларда ұйымдастыру
- / Балалардың заттарға арналған жеке сөрелер/жәшіктерді пайдалануы (олардың санын шектеу)



Қадағалау:

- Персоналдың, балалардың ата-аналарының, балалардың қолдарын өңдеу үшін тері антисептиктерін қолдануын
- КВИ алдын алу бойынша оқытудың ұйымдастырылуын, оның ішінде әлеуметтік қашықтық, жеке гигиена ережелерінің сақталуын
- Жинау жүргізуге арналған құралдардың болуын, уақтылы ауыстырылуын және мақсатты қолданылуын
- Санитайзерлердің бар болуын және дұрыс орнатылуын (көрінетін және қолжетімді жерлерде)
- Ата-аналарға әлеуметтік желілер, мессенджерлер арқылы ақпарат (күн тәртібіндегі кез келген өзгерістер туралы, киім қоры туралы, тазалықты сақтау және балалардың жеке жәшіктері мен сөрелеріндегі заттар санын шектеу;
- Балалар болмаған кезде үй-жайлардың жүйелі желдетілуін
- Үй-жайлардың уақтылы және сапалы жиналуын
- Қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерінің, жуу және дезинфекциялау құралдарының, жеке қорғаныс құралдарының (маскалар, қолғаптар, киім) азаймайтын қорының болуын

МДҰ-ға баруды шектеу /балаларды тәуекел тобындағы адамдарға алып жүруді болдырмау, әлеуметтік қашықтық мәселелері, өзін-өзі емдеуді болдырмау және т.б. туралы) берілуін



Мектепке дейінгі ұйымда тамақ дайындауға және қабылдауға байланысты қауіпсіздік және гигиена

Ас блогының қызметкерлері:

1

Таза арнайы киімде жұмыс істеулері, шашты орамалдың немесе қалпақтың астына инаулары тиіс;

2

Жұмыс процесінде сақиналарды, шынжырларды, сағаттарды шешуге тиіс; ұзын тырнақтардың болуына және оларды лакпен жабуға, арнайы киімді түйреуіштермен бекітуге жол берілмейді;

3

Ас блогынан шыққан, дәретханаға барған кезде арнайы киімді шешу қажет, асханаға қайта оралған кезде қолды сабын мен щетканы пайдалана отырып, ыстық сумен мұқият жуып, содан кейін арнайы киімді кию қажет;

4

Жұмыс басталғанға дейін, жұмыс орнынан әрбіршыққан сайын және қол ластанған жағдайда қолды арнайы қол жуу үшін бөлінген орында мұқият жуу қажет (қажетсіз микрофлораны жою қажет болса, дезинфекциялау);

5

Жұмысқа терінің іріңді аурулары және іріңдеген жаралары бар, инфекциялық аурулар белгілері бар тұлғаларды жібермеу;

6

Дайын өнімдерден шикі етті, құс етін, балықты бөлу;

7

Өнімдерді жақсылап пісіру, әсіресе етті, жұмыртқаны, балықты;

8

Тамақ дайындау кезінде гигиена мен дезинфекциялаудың тиісті қағидаттары туралы нұсқаулықтарды, парақшаларды орналастыру;

Ас блогына, асүйге, қойма үй-жайларына және тамақ қабылдайтын орындарға басқа балалардың, бөтен персоналдың немесе келушілердің кіруіне рұқсат етілмейді.

Тамақты тарату және қабылдау

Балаларға тамақ персоналмен тағайындалған жеке порциялармен берілуі тиіс. Тамақты беру/тарату үшін өнімдерді саусақпен беруді болдырмау үшін ыдыстарды/аспаптарды пайдалану қажет

Өздік қызмет көрсету, ортақ ыдыс болмауы тиіс (мысалы, қасықтарды, нанды ортақы ыдыста тарату)

Тәрбиешілер балалардың тамақтануға дейін де тамақтанудан кейін қол жуатындарына көз жеткізулері тиіс

Балаларға тамақты дайындауға да таратуға рұқсат берілмеуі тиіс

Балалардың тамақтануы асханада немесе үлкен кең бөлмелерде, сондай-ақ ойын бөлмелерінде қашықтықты сақтаумен ұйымдастырылуы тиіс

Персонал тамақты дайындау/тарату алдында және балаларға тамақтануға көмектескеннен кейін де қолдарын жуулары тиіс

Сол бір балалардың күнделікті бірге тамақтануын ұйымдастырыңыз

Тамақтану рационы

Тек қана йодталған ас тұзын және жоғарғы және бірінші сұрыптағы бидай ұнын, құрамында темір бар дәруменді, минералды (байытылған) өнімдерді пайдалану қажет

Песрпективалық, маусымдық, екі апталық мәзір жасау (жаз-күз, қыс-көктем)

ҚР Үкіметінің №320 Қаулысымен көзделген тамақтану нормаларын сақтау

Қауіпсіз және сапалы ауыз суын қамтамасыз ету

Салқындатылған сусындардың (компот, кисель) күнделікті тәуліктік тұтынудың орташа 35% есебінен «С» дәруменімен дәруменденуін жүргізу

Балалардың колорий нормасы

1400 ккал

3 жасқа дейін

1800 ккал

3 жастан асқан балалар үшін

Мәзір рецептілерін әзірлеу кезінде бала сүттің еттің, нанның нормаларын күнделікті тұтынуы қажет, күнделікті тамақтануға жеткілікті көлемде жемістер мен көкөністер енгізу қажет

Күн сайын тамақтану мен тағамға алуан түрлі өнімдерді пайдалану қажет

Мәзір дайындау кезінде артықшылық отандық өнімдерге беріледі

Витаминизированные блюда не подогреваются.

Тамақтарды қабылдау бойынша колорий бөлу: тағамның энергетикалық құндылығымен таңғы асқа 25%, түскі асқа 35%, бестік -15%, кешкі ас-25%

С дәруменінің тәуліктік нормасы:

50 мг

бөбекжай-бақша жасындағы балалар үшін (3 жасқа дейін)

70 мг

ектепке дейінгі жастағы балалар үшін

Тамақтану бойынша оқыту және коммуникация

Ата-аналар мәзір мен тамақтану нормаларын көрулері тиіс, ал педагогтар мен медициналық қызметкерлер балалардың тамақтануы жөнінде ата-аналармен ақпараттық жұмысты жүргізіп отырады

Салауатты тамақтану туралы балаларды оқыту және ата-аналармен жұмыс жүргізу өте маңызды

Ата-аналармен және балалармен оқыту жүргізу және талдқылау үшін тамақтану жөніндегі тақырыптардың мысалдары:

Тамақтану жүйелілігі:

«Таңғы ас тамақтану үшін өте маңызды»

«Таңғы ас, түскі ас және кешкі ас – негізгі тамақтанулар»

«Балауса жемістер мен көкністер – тамаша тағам»



Балансты тамақтану

«Алауан түрлі өнімдермен тамақтану»

Құрамында майлары жоғары өнімдерді шектеу»

«Тұзды тұтыну мөлшерін төмендету»

«Қантты және тәтті тағамдарды тұтынуды шектеу»

«Күн сайын жемістер мен көкністер»

«Жаңа ас ішіп көріңіз»

Ішу режимі

«Қоймалық сусындарды тұтынуды шектеу»

«Су, ең ақсы сусын»

Қозғалыс белсенділігі

«Физикалық белсенді болыңыз»

Салауатты тамақтану үнемі қозғалыс белсенділігімен және дене тәрбиесімен үйлесуі тиіс



Ата-аналар мен мектеп жасына дейінгі балаларға арналған негізгі хабарламалар мен ұсыныстар

Коронавирустық инфекция ата-аналар мен балалардың әдеттегі өмір салтының өзгеруіне әкелді. Осы кезеңде үйдің мейірімді, құрметті жағдайын және балалардың танымдық, тәрбиелік іс-әрекетін қолдау маңызды.

Бала үйде

Ата-аналар үшін қиындықтар және шешімдер

Күн тәртібі қажет:

Баланың мінез-құлығын оңай басқару үшін;

Мүмкін болған кезде балабақшаға қайта оралу жеңілдігі үшін;

Балаға тұрақтылық пен сенімділік керек (қажеттіліктерден өтеміз);

Құрдастарымен қарым-қатынас:

Балалармен әлеуметтік желілерде ата-аналары арқылы қарым-қатынас жасау;

Топтағы балалар туралы еске салып отыру (есімдерін атау, ойындар);



Қызмет түрлері:

Баланың жасына сәйкес ойындар үшін идеялар;

Дамытуға арналған идеялар (кітаптар, ойындар, бағдарламалар);

Бір күнге (аптаға) ойындар жоспары болған жөн;

Ересектермен қарым-қатынас:

Әлеуметтік желілерде балалар үшін тәрбиешіден хабарламалар;

Балабақша ережелері бойынша қарым-қатынасты қолдап отыру;



Сіздің балаңызда инфекция белгілері (жөтел, қызба, ентігу) анықталған кезде медициналық ұйымға/дәрігерге қоңырау шалып немесе 1406 жедел желі телефонына хабарласып, медициналық көмекке жүгініңіз. Есіңізде болсын, жөтел және дене қызуы сияқты коронавирустық инфекцияның белгілері жиі кездесетін тұмау немесе суық тию сияқты болуы мүмкін.

Егер сіздің балаңыз ауырса, баланы балабақшаға апармаңыз және әкімшілікке аурудың белгілері туралы хабарлаңыз.

Балалар қандай ойындар ойнағанын сұраңыз және ойнауға, балаға кітап оқып беруге кеңес беріңіз.

Балаңызға не болып жатқанын қарапайым сөздермен түсіндіріңіз және оның қауіпсіз жағдайда екенін айтыңыз.

Отбасы балалармен өзіндік оқшаулауда

Ата-аналар ашулануы мүмкін:

Әлеуметтік, экономикалық жағдайға;

Өзіне және өзінің әлсіздігіне;

Балаға және оның мінез-құлқына...

Бұл қалыпты жағдай. Бұл сезімдерді қабылдау маңызды

Ата-аналардың сезімді балалардың көзінше көрсеткені емес, оларды атағаны маңызды!!!



«Мен ашулымын. Мен де серуендегім келеді, алайда бұл қазір мүмкін емес. Біз екеуіміздің серуендеуіміз туралы немесе басқа қызықты ойын ойнай аламыз»

Балаларға өз сезімдері туралы айту қиын, сондықтан олар өздерін түсінгендерін және қабылдағандарын қалайды

Ата-аналарға қиын болған жағдайда көмек көрсету маңызды

«Қабылдау» тілі және «қабылдамау» тілі

Баланың фразасы

«Қабылдамау тіліндегі» жауап

«Қабылдау тіліндегі» жауап

Анашым, сатып әперші...

Сен мені өз өтініштеріңмен әбден шаршаттың!..

Мен осы затты сатып алғым-ақ келіп тұр, бірақ менің ақшам жоқ

Анашым, сіз әкеммен ұрысқан кезде оны бәрібір жақсы көресіз бе?

Ол сенің шаруаң емес

Адамдар бір-бірімен кейде ұрысып жатса да, бір-бірін жақсы көруді жалғастыра береді

Мен мүлдем ақымақпын...


Қойшы

Мен олай ойламаймын. Не болды?

Гигиена ережелерін түсінуге арналған ойындар

Балаларға үй жағдайларына бейімделуге көмектесіңіз, сонымен қатар балабақшаға оралуға дайын болыңыз

Басқа адамдармен қашықтықты сақтау. «Қашықтықты сақта» ойыны.



Балаларға гигиена ережелерін үйретіңіз:

Қолға арналған дезинфекциялау құралы: пайдалану мысалы;

Қауіпсіз түшкіру және жөтелу ережелері: орамалға, майлыққа немесе шынтаққа;

«Бетті ұстамау» ережелері: «Кім бетін ұстағанын байқа» ойыны;

Қолды жуу жеткілікті;

Мектепалды топтар мен сыныптардың балалары үшін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларына келесілерді ұйымдастыру қажет:

Педагогтардың өткен материалды ескере отырып, демонстрациялық материалдарды, дидактикалық ойындарды, карточкаларды кеңінен қолдана отырып, бір айға арналған қашықтықтан оқыту сабақтарының (оқыту бейнесі) конспектілерін әзірлеуі;

Қашықтықтан оқыту жүргізу үшін байланыстың қолжетімді түрлерінің тізімін (смартфон, ноутбук, компьютер бар ма) қалыптастыру, әрбір отбасындағы интернетке қол жетімділік;

Ата-аналармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету - оқу процесі, білімді қабылдау және т. б. бойынша сұрақтар үшін кері байланыс;

Педагогтардың сауат ашу негіздері, математика және айналамен танысу пәндері бойынша қашықтықтан сабақ кестесін құруы (күніне бір сабақ);

Барлық қатысушыларды бейнесабақтың басталу күнін көрсете отырып, қашықтықтан оқыту туралы хабардар ету;

Сабақтар және балалармен ойындар үшін он-лайн платформаларды пайдалану



Балаларды онлайн оқыту бойынша педагогтарға арналған кеңестер:

Аптасына кемінде бір рет отбасылармен телефон арқылы немесе бейне чат арқылы байланыста болыңыз. Күн сайын ата-аналарға әртүрлі тақырыптар бойынша электрондық хаттар жіберіп отырыңыз;

Ата-аналар – сіздердің серіктестеріңіз, кейде олар жұмысқа байланысты жобаға қатыса алмайды, шыдамдылық танытыңыз;

Сабақтар әдетті іске айналуы үшін нақты сабақ кестесі;

Музыканы жиі пайдаланыңыз – ән және би арқылы оқыту



Идеялар:

Сурет-карточкаларды пайдалана отырып, мазмұнын айту;

Балаларға кітап жасау және оларды сабақтарда көрсету/оқу;

Кітап оқу немесе ән айту кезінде қуыршақтарды, ойыншықтарды пайдалану;

Сөздерді буынға бөлу кезінде қол соғу;

